



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ исх: 17-8/1599 дз от: 26.07.2019

№ вх.2209//17-8/1599дз от: 26.07.2019

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2019 жылғы 26 маусымдағы

№ 15-13-197дз

Құрметті депутаттар!

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған-Есіл-Петропавл-РФ шекарасы» автожолын реконструкциялауға қаражат бөлуге қатысты келесіні хабарлаймын.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауындағы тапсырмасын орындау үшін Инфрақұрылымды дамытудың «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде, оны ағымдағы жылдың соңына дейін бекіту жоспарланып отыр. Бағдарламада «Қызылорда-Жезқазған-Есіл-Петропавл-РФ шекарасы» автожолы кіретін шамамен 7000 км жолды реконструкциялау көзделді.

Сонымен қатар, «Қызылорда-Жезқазған» автожолына 2019-2020 жылдарға арналған бекітілген бюджетте ЖСҚ әзірлеуге қаражат қарастырылған. Қазіргі уақытта ЖСҚ әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде және ұзындығы 412 км болатын «Қызылорда-Жезқазған» учаскесін реконструкциялау бойынша құрылыс жұмыстарын бастау 2020 жылға жоспарлануда.

Ұзындығы 940 км болатын «Жезқазған-Петропавл» учаскесін реконструкциялау республикалық бюджет есебінен жоспарлануда. Аталған учаскеге 2020-2021 жылдарға арналған республикалық бюджетте ЖСҚ әзірлеуге қаражат қарастырылған. Құрылыс жұмыстарын 2021 жылы бастау күтілуде.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин

Есеев А. 745284